

## 2014 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 қаңтардағы № 33 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 ақпанда № 4444 болып тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылы халықтың нысаналы топтары болып мынадай санаттар анықталсын:
  - 1) табысы аз адамдар;
  - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
  - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
  - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
  - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
  - 7) мүгедектер;
  - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
  - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
  - 10) оралмандар;
  - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
  - 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
  - 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
  - 14) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
  - 15) ұзақ уақыт (жыл және одан да көп) жұмыс істемеген адамдар;
  - 16) уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген қырық бес жастан асқан адамдар;
  - 17) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби даярлықты және (немесе) қайта даярлықты, біліктілігін арттыруды аяқтаған

жұмыссыздар ;

18) уақытша және маусымдық жұмыстардың мерзімдері аяқталуына байланысты жұмыстан шығарылған жұмыссыздар .

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және "Қамысты ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етсін .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Ғұмарұлы Ахметчинге жүктелсін .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қамысты ауданы әкімінің*  
*міндетін атқарушы* *Д. Құлманов*